

## Нұра өзенінің ластануы

Нақты өзіміздің Орталық Қазақстандағы өнеркәсіптің, халық шаруашылығының, ауыз судың негізгі көзі болып табылатын ірі өзендердің бірі — Нұра өзенінің экологиялық жағдайы апат дәрежесінде бағаланады. Қоғамның қазіргі таңдағы даму жағдайларында ластанудың негізгі көздері мыналар болып саналады: 1) өнеркәсіптік мекемелер; 2) жылу беруші қондырғылар; 3) көлік; 4) ауылдық аудандардың ауа бассейнін ластау көздері; 5) табиғи ластану көздері; 6) радиоактивтік ластану. Ал Нұра өзен алабын ластандырушы көздерге жататын өнеркәсіптік мекемелерге жататындар: Қарағанды-Теміртау өндірістік ауданында орналасқан Шахтинск химия тау-кен, Саран химия тау-кен және Абай энерго-тау-кен шахталары, Оңтүстік Құлайғыр көлік карьері, Теміртау химия-металлургия комбинаты, Ақтау көлік және құрылыс комбинаты, Қушоқы көмір карьері, Қарағанды урбоөнеркәсібі, Теміртау «Миттал-Стил» ААҚ, «АБС-Энерго», «КарГРЭС-1» т.б.

Техногендік апаттардың зардабы Нұра өзеніне орны толмас зиян әкелуде. Осыдан біраз жыл бұрын мамандар Нұра өзеніне Теміртау қаласының өндірістік аймақтарынан шыққан сынап қалдықтарының қосылып кеткендігі туралы дабыл қаққан болатын. Бұрын өндірістік сынап қалдықтарын Нұра өзенінің бойындағы Самарқант және Ынтымақ су қоймаларының түбінде өскен сал ұстап қалатын. 2004 жылы болған қатты су тасқыны кезінде өзен суына қосылған сынап қорық көлдеріне дейін жеткен.

Екі жылдан бері Бүкіләлемдік банктің қаржысымен Теміртау қаласында Нұра өзенін тазалау жөніндегі жоба жұмыс істеп келеді. Оған ауыл шаруашылығы министрлігінің Су қорлары жөніндегі комитеті бақылау жасайды. Жоба ластанған су көздерін сынаптан тазартумен қатар, Ынтымақ су қоймасының су бөгеттерін толық қалпына келтіру, Қорғалжын қорығындағы көлдерді қорғау жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды көздейді.

Нұра өзені бассейніндегі су деңгейінің төмендеуі мен ондағы сынаппен ластануға байланысты қалыптасқан экологиялық жағдай қашанда қоғам назарында. Мамандардың бұл өңірдегі экологиялық жағдайға бұлайша аландаушылық танытуының өзіндік мәні бар. Себебі, Нұра өзені көп жылдар бойына Қорғалжын табиғи қоры мен Теңіз-Қорғалжын көлдері су жүйесінің негізгі көзі саналып келген. Бертін келе түрлі климаттық және антропогендік жағдайлардың орын алуына және өзеннің толқымалығына байланысты, ол өзі құятын көл деңгейінің кейде толқып, кейде азайып кетуіне әсер етуде. Ондай жағдай тиісінше суда мекендейтін құстардың тіршілік етуіне қауіп төндіреді.

Мамандардың пікіріне сүйенсек, бұрындағы Нұра өзені Теңіз көлін қажетті мөлшердегі сумен қамтамасыз етіп келсе, қазір мұндағы қалыптасқан экологиялық жағдайға байланысты оның мөлшері де едәуір азайған. Мәселен, кейінгі жылдары көлге 500 млн. текше метрдей ғана су келетін көрінеді. Ал негізінен оның мөлшері кемінде 1 млрд. текше метрге жетуі керек екен. Судың аз келуі салдарынан тек соңғы жылдардың өзінде Қорғалжындағы көлдер жүйесінің деңгейі жарты метрге, яғни екі есеге дейін төмендеген. Осының кесірінен таяу келешекте олардың сорланып, тіпті кеуіп кету қаупі төніп тұр.

Нұра өзенінің түбіндегі сынап Теміртау қаласындағы бұрынғы ацальдегид өндіретін «Карбид» өндіріс орнының кесірінен пайда болыпты. Яғни, аталған кәсіпорынның өз жұмысына салғырт қарауының салдарынан Нұраға тасталынған сынаптың көп мөлшері алғашында өзеннің, кейін келе оның арналарының ластануына әкеп соққан. Ал Астананың Нұра өзені қасында орналасқанын ескерсек, бұл жағдай қаланы таза сумен қамтамасыз етуге де кері әсерін тигізетінін ұмытпаған жөн. Міне, осындай себеп-салдар Қорғалжын қорығының басты мақтанышына айналған Теңіз көліне, ондағы тіршілік иелеріне де нұқсан келтіріп отырған жайы бар. «Теңіз» көлі «Тірі көлдер» деп аталатын халықаралық жүйеге енгізілген Қазақстандағы бірінші көл. Яғни, ол әлемдегі осындай 24 бірегей табиғат інжу-маржанының қатарына кіреді. Мұның өзі бұл жердің біз үшін қандай маңызы барын айғақтай түседі. Сонымен қатар, сынаппен уланған балықты азық ретінде пайдаланған адамдар ауруға шалдығуы мүмкін.

Проблема сдвинулась с мертвой точки в 2000-х. Казахстан инициировал проект по очистке Нуры от ртути. Было подписано соглашение со Всемирным Банком, который предоставил на реализацию проекта кредит — около 40 миллионов долларов. Исполнительным агентством стал Комитет по водным ресурсам Министерства сельского хозяйства РК.

В список запланированных работ вошли выемка загрязненных ртутью почв, грунтов и донных отложений со дна реки, а также их захоронение на специально созданном для этих целей полигоне. В рамках проекта предполагалось очистить от ртути 25 километров реки. Австрийские и китайские организации, выступавшие в роли исполнителей работ, реализовывали проект с отставанием от графика, время от времени выслушивая

гневные замечания местных жителей и получая претензии общественных организаций и контролирующих органов о многочисленных нарушениях проектной технологии работ по очистке.

В настоящее время официально работы по очистке Нуры от ртути завершены. По данным группы реализации проектов Комитета по водным ресурсам Министерства окружающей среды и водных ресурсов РК, общая стоимость проекта по очистке реки Нура от ртути составила 104 млн. долларов США. В том числе заем МБРР (Международный банк реконструкции и развития) — 39,1 млн. долларов США, средства республиканского бюджета — 64,9 млн. долларов США (<http://kazaqua.com/>).

**Дерек көздері:** <http://malimeter.kz/nura-esil-tobyl-su-kozderinin-kazirgi-zhaj-kuji/>  
[http://library.ksu.kz/download/DBases/Ecology\\_of\\_the\\_CK/Files/Kanapin.pdf](http://library.ksu.kz/download/DBases/Ecology_of_the_CK/Files/Kanapin.pdf)